

Г.А. АБЫЛКАСИМОВА *Alikhan Bokeikhan University PhD докторанты
(Қазақстан, Семей қ.), e-mail: Gakku_aa@mail.ru*

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ МАХАМБЕТ ОБРАЗЫНЫҢ НАРРАТИВТІК СИПАТЫ (Олжас Сүлейменов поэзиясы негізінде)

Аңдатпа. Қазақ хандығының соңғы жырауы, ақын, батыр, даңқты қолбасшы, күйші Махамбет Өтемісұлының ұлт әдебиеті мен тарихында алатын орны ерекше. Махамбет образы қазақ әдебиетінің көптеген ақын-жазушыларының шығармаларына арқау болды. Махамбет образы көпқырлы ақын, қоғам қайраткері, түркітанушы Олжас Сүлейменов поэзиясында да ерекше орын алады. Бұған автордың Махамбет батырға арналған бірнеше тақырыптағы поэтикалық шығармалары дәлел.

Зерттеу жұмысы қазақ әдебиеттану ғылымындағы «образ» ұғымының поэзиядағы көрінісін терең тани түсуге ықпал етеді. Ғылыми зерттеудің негізгі мақсаты Махамбет образының Олжас Сүлейменов поэзиясындағы нарративтік сипатын анықтауға бағытталған. Автор Махамбет жайлы қазақ әдебиетіндегі бірнеше туындыларға шолу жасаған. О. Сүлейменовтің орыс тіліндегі өлеңдеріндегі және аудармаларындағы Махамбет образын түрлі тәсілдермен зерттей отырып, образдың нарративтік сипатын мысалдармен дәлелдей көрсетеді. О. Сүлейменов шығармаларын орыс тілінде жазатын ақын болғандықтан, Махамбет бейнесінің түпнұсқа мен аудармаларда берілу сәйкестігіне баса назар аударылған.

Зерттеушілер тарапынан қазақ ақындары шығармашылығында кездесетін «образ» ұғымы теориялық тұрғыда көптеп зерттелініп, маңыздылығы айқындалып келеді. Алайда поэзиядағы нарратив ұғымы бүгінгі әдебиеттану ғылымының өзекті тақырыптарының бірі. Мақалада «образ» бен «нарратив» ұғымын поэзия аясында зерттеу жұмыстың негізгі құндылығын көрсетеді.

Автор зерттеу жұмысында поэзиядағы образдың терең және жан-жақты ашылуы үшін өлеңнің ішкі құрылысы мен суретті сөздердің нарративтік бірлестік табуы аса маңызды деген гипотезаны дәлелдейді.

Кілт сөздер: О. Сүлейменов, Махамбет образы, поэзиядағы образ, көркем образ, тарихи образ, нарратив, поэзиядағы нарратив.

G.A. Abylkassimova*PhD Doctoral Student of Alikhan Bokeikhan University
(Kazakhstan, Semey), e-mail: Gakku_aa@mail.ru*

The Narrative Character of the Image of Makhambet in Kazakh Poetry (Based on the Poetry of Olzhas Suleimenov)

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Абылкасимова Г.А. Қазақ поэзиясындағы Махамбет образының нарративтік сипаты (Олжас Сүлейменов поэзиясы негізінде) // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2023. – №4 (130). – Б. 176–186. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.15>

***Cite us correctly:**

Abylkassimova G.A. Qazaq poeziasyndagy Mahambet obrazynyn narrativtik sipaty (Olzhas Sulejmenov poezijasy negizinde) [The Narrative Character of the Image of Makhambet in Kazakh Poetry] // *Iasaui universitetinin habarshysy*. – 2023. – №4 (130). – B. 176–186. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.15>

Abstract. The last zhyrau (poetic singer) of the Kazakh Khanate, Makhambet Utemisuly, was a prominent figure in the nation's history and literature. He held various roles as a poet, batyr (warrior), and esteemed commander, and his influence resonates strongly within the Kazakh literary tradition. Makhambet's persona served as a significant source of inspiration for numerous poets and writers in Kazakh literature. Notably, his portrayal holds a special significance within the poetry of Olzhas Suleimenov, a versatile poet, public figure, and turkologist. This assertion is substantiated by Suleimenov's poetic works dedicated to Makhambet batyr, covering a range of themes.

This research work contributes to a profound understanding of the concept of «image» in Kazakh literary science, specifically through its expression in poetry. The primary objective of this scientific inquiry is to unravel the narrative essence of Makhambet's image as depicted in Olzhas Suleimenov's poetry. The author examines several literary works concerning Makhambet in the Kazakh canon. Through an exploration of the various dimensions in which Makhambet's image is portrayed in Suleimenov's poems and Russian translations, the author provides evidence to support the narrative nature of this image, substantiating their claims with relevant examples. Given that Suleimenov predominantly writes in Russian, the study places particular emphasis on the fidelity of the image's conveyance in both the original and translated versions.

While the concept of «image» in the works of Kazakh poets has been the subject of multiple studies, with its significance duly acknowledged, the notion of narrative in poetry remains a pertinent subject within contemporary literary scholarship. This article underscores the paramount importance of investigating the concepts of «image» and «narrative» within the context of poetry, thereby emphasizing the core value of this research.

In this research, the author substantiates the hypothesis that a profound and comprehensive exploration of the image in poetry necessitates the discovery of a narrative coherence that unifies the poem's internal structure, the author's intent, and the nuances of word usage.

Keywords: O. Suleimenov, image of Makhambet, image in poetry, artistic image, historical image, narrative, narrative in poetry.

Г.А. Абылкасимова

*PhD докторант Alikhan Bokeikhan University
(Казахстан, г. Семей), e-mail: Gakku_aa@mail.ru*

Нарративный характер образа Махамбета в казахской поэзии (на материале поэзии Олжаса Сулейменова)

Аннотация. Последний жырау Казахского ханства, поэт, батыр, славный полководец, кюйши Махамбет Утемисулы занимает особое место в казахской истории и литературе. Образ Махамбета лег в основу произведений многих поэтов и писателей казахской литературы. Образ Махамбета занимает особое место в поэзии многогранного поэта, общественного деятеля, тюрколога Олжаса Сулейменова. Об этом свидетельствуют поэтические произведения автора на несколько тем, посвященных Махамбет батыру.

Исследовательская работа способствует глубокому признанию выражения в поэзии понятия «образ» в казахской литературоведческой науке. Основная цель научного исследования направлена на выявление нарративного характера образа Махамбета в поэзии Олжаса Сулейменова. Автор сделал обзор нескольких произведений казахской литературы о Махамбете. Исследуя различными способами образ Махамбета в стихах и переводах О. Сулейменова на русском языке, он доказывает на примерах нарративный характер образа. Так как О. Сулейменов поэт, пишущий свои произведения на русском языке, акцент делается на адекватности передачи образа Махамбета в оригинале и переводах.

Понятие «образ», встречающееся в творчестве казахских поэтов, было неоднократно изучено исследователями и определена его значимость. Однако понятие нарратива в поэзии является одной из актуальных тем современной литературоведческой науки. В статье исследование понятия «образ» и «нарратив» в контексте поэзии показывает основную ценность работы.

Автор в исследовательской работе доказывает гипотезу о том, что для глубокого и всестороннего раскрытия образа в поэзии очень важно найти нарративное объединение внутренней конструкции стихотворения, идеи автора и специфики словоприменения.

Ключевые слова: О. Сулейменов, образ Махамбета, образ в поэзии, художественный образ, исторический образ, нарратив, нарратив в поэзии.

Кіріспе

Әдеби көркем шығарма – халық өмірінің айнасы, көркемдік шеберліктің озық үлгісі. Халықтық құндылықтарды танытудың басты құралы. Әдеби шығармадағы образ туындының қуаттылығын, дәуір шындығын, халық тұрмысын терең тануға мүмкіндік береді. Ғылымның бүгінгі даму сатысында «образ» термині философиялық, психологиялық, өнер және т.б. салаларда қарастырылады. Терминдер арасындағы шекараны айырып алмай, біз көркем образдың табиғатын түсіне алмаймыз. Көркем шығарма қашанда іріктеуден, тәсіл-құралдарды талғап пайдаланудан басталады. Өнердегі образ – өзіне ғана тән объектісі бар болмысты танытудың айрықша құралы [1, 31-б.]. Көркем образ – әдеби шығармада жинақталған түрде суреттелетін өмір құбылысының қорытындыланып жасалған тұлға бейнесі [2, 398-б.]. Әдебиеттегі көркем образ автордың адамзатқа тән ортақ қасиеттер мен сипаттарды бір адам бойына сыйғызу арқылы типтендіру тәсілімен жасалады. Ол жалпылық сипаттарды топшылап-түйіндеумен, жинақтаумен ерекшеленеді. Тарихи образға даралау, жекелік қасиет-белгілерді көркемдік әдіспен көрсету ерекшелігі тән. Көркем шығарма образдардың біртұтас жиынтығын қамтиды. Көркем шығармадағы образ мәселесі жайлы теориялық пікірлер аз емес. Образ – әдебиеттанудың негізгі категорияларының бірі, оны шығармадан бөліп қарастыруға болмайды. Украин әдебиетшісі А. Потебня зерттеуі бойынша, «образ» сөз арқылы беріліп, көркем шығарманың ішкі қабатын құрайды, ал сыртқы қабатына ұғымды жатқызады. «Образ» бен «ұғымды» өлеңнің негізгі стадиялық принциптері деп көрсетеді. Образ – өмірдегі шындықтың өңделген үзіндісі. Ол өзінің түпкі мақсатында поэтикалық әлемдегі суретшінің тұтас бейнелік жүйесін танытуға ұмтылады [3, 22-б.].

Әдебиеттану ғылымында образ мәселесі кеңінен зерттелініп жүр. Алайда образдың поэзиядағы нарративтік сипатын зерттеу бүгінгі әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелерінің бірі. Зерттеу мақаласына арқау болған мәселе – тарихи тұлға, ақын, батыр Махамбет Өтемісұлы бейнесінің қазақ әдебиетіндегі нарративтік сипат алуы. Зерттеудің басты мақсаты, соңғы жылдары қолданысқа жиі ене бастаған «нарратив» ұғымының поэзиядағы сипатына тоқтала отырып, батыр-ақын образын Олжас Сүлейменов шығармашылығы арқылы зерттеу. Сонымен қатар, поэзиядағы образдың терең және жан-жақты ашылуы үшін өлеңнің ішкі құрылысы мен суретті сөздердің нарративтік бірлестік табуы аса маңызды деген тұжырым зерттеу мақаласының негізгі гипотезасы болып табылады.

Дауылпаз ақын Махамбет – толағай тұлға, халық көтерілісінің жалынды үгітші-жыршысы, оның қос көсемінің бірі. Ақынның өмір жолы, асқақ өлеңдері әрқашан ақын-жазушылардың, зерттеушілердің назарынан тыс қалған емес. Поэзияда: Ш. Жарылғасұлы, Б. Шерекөв, І. Жансүгіров, Б. Аманшин, Қ. Бекхожин, С. Жиенбаев, Ж. Нәжімеденов, С. Мәуленов, Ж. Молдағалиев, М. Әлімбаев, Х. Ерғалиев, О. Сүлейменов, М. Мақатаев,

Ф. Оңғарсынова, М. Шаханов, Қ. Мырзалиев, Ж. Әбдірашев, Т. Медетбек, Р. Ниязбек, А. Вознесенский, М. Сатыбалдиев, Н. Сейітов, Б. Серікбаев, А. Байтөрин, С. Адай, С. Жетпісқалиев, И. Оразбаев, Ұ. Есдәулет, Р. Ниязбек, тағы басқалар Махамбеттің күрескерлігін, ақындығын өз туындыларында әр қилы сомдайды. Бұлардың арасында жаңа жанрлық форма – өлең-роман арнаған қаламгерлер де ұшырасады. Туындыларда Махамбет ақынның өмірі мен тағдырының барлық кезеңдері қамтылып қана қоймай, сол тарихи тұста қоғамдық-әлеуметтік сахнаға шыққан қазаққа белгілі тұлғалардың халық санасындағы орны айшықталады. Махамбет өмірін әсерлі суреттеген шығармалар қатарына І. Жансүгіровтің «Исатай-Махамбет», Б. Аманшиннің «Жақия», Ғ. Слановтың «Махамбет», М. Ақынжановтың «Исатай-Махамбет», С. Жүнісовтің, Ә. Таразидың, И. Оразбаевтың «Махамбет» туындыларын қосқанымыз жөн.

Махамбеттің тұлғалық көркем бейнесі қазақ әдебиетінде әңгіме, повесть, романдарға да негіз болды. Олар: Қ. Жұмалиевтің «Айқас», «Тарлан атты жолаушы», Т. Әлімқұловтың «Қараой», Ә. Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі», Ә. Таразидың «Тәж», Қ. Мұқанбетқалиевтың «Бас жұтқан бас», М. Мәжитовтің «Барлыбай түбіндегі ән», Қ. Бекбаевтың «Нарыннан кету», «Мұнар күн», тағы басқа шығармаларды атауға болады.

Тұлға образын ашуда әр әдеби шығарманың алар орны ерекше. Туындылардың көркемдік әлемі сөз тереңдігі, формалары, аспектілері, пропорциялары сынды өзіндік даралығымен ерекшеленеді.

Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысында ақын Олжас Сүлейменов поэзиясындағы Махамбет образының ерекшелігіне назар аударылған. Махамбет образы поэзияда қалай көрініс тапқан? Поэзиядағы образ жасаушы факторлар қандай? Образ поэзияда қандай нарративтік сипат арқылы ашылады? Махамбет образының О. Сүлейменов поэзиясындағы ерекшелігі қандай деген сұрақтар туындайды. Сұрақтар негізінде зерттеу тақырыбының өзектілігі айқындалды. Зерттеу гипотезасына поэзиядағы образдың терең және жан-жақты ашылуы үшін өлеңнің ішкі құрылысы мен суретті сөздердің нарративтік сипаты ұсынылды. Шешім бағытын жүйелеу үшін зерттеудің теориялық бөлігінде Махамбет батырға қалам тартқан ақындар шығармашылығына назар аударылды. Зерттеу нысаны ретінде О. Сүлейменовтің поэтикалық шығармалары алынды. Зерттеу кезеңінде зерттеудің талдау, салыстыру және нақтылау әдістері қолданылды.

О. Сүлейменов – шығармаларын орыс тілінде жазатын қазақ ақыны. Қазақтілді оқырманға автор дүниесін түбегейлі көшіре көрсету – аударма саласының жауапты міндеті. Ақын шығармаларын қазақ тілді оқырманға етене жақын еткен Ә. Кекілбай, Қ. Мырза Әлі, Ұ. Есдәулет, А. Егеубай, А. Тасқара, Е. Жүніс аудармаларының мәні зор. Осы орайда Махамбет тақырыбында жазылған түпнұсқа мен аудармалардағы бейненің автор дүниесі мен сөз қолданысы арқылы сипат алуын салыстырмалы әдіс арқылы зерттеудің маңыздылығы жоғары.

Зерттеу сатыларында О. Сүлейменовтің Махамбет ақынға арналған *«Последние мысли Махамбета, умирающего на берегу Урала от раны»*, *«Молитва батыра Махамбета перед казнью»*, *«Махамбету»* атты өлеңдері түпнұсқа негізінде және аударма негізінде зерттеу нысанына алынды. О. Сүлейменовтің *«Махамбету»* өлеңін Қадыр Мырза Әлі және Әбіш Кекілбаев *«Махамбетке»* деген тақырыппен аударған. *«Молитва батыра Махамбета перед казнью»* өлеңіне Әбіш Кекілбайұлы *«Махамбет батырдың дар алдындағы дұғасы»*, Алматы Исаәділ *«Махамбет батырдың өлер алдындағы сөзі»* деген тақырыпта аударма жасайды. Махамбет образын бір өлеңдегі бірнеше ақынның аудармаларын да салыстыра зерттеу оқырман танымында түрлі ассоциация туғызып, ақын бейнесін терең тануға ықпал етпек.

Талдау мен нәтижелер

Махамбет тақырыбында жазылған әдеби туындылар зерттеушілердің назарын аударып келеді. Атап айтқанда, Махамбеттанудың негізін салушы Х. Досмұхамедовтан бастап, ғылыми түрде зерттеген Қ. Жұмалиевтен бері қарай, Е. Бекмаханов, М. Әуезов, С. Мұқанов, А. Жұбанов, Ә. Қоңыратбаев, К. Сейдаханов, И. Кенжалиев, С. Жүнісов, Ә. Тарази, Қ. Бекбаев, М. Мәжитов, Ө. Қарашин, Х. Әбисатов, А. Шамғонов, Ж. Құлиев, З. Ахметов, М. Қозыбаев, Ә. Дербісәлин, Г. Сербаринов, Қ. Өмірәлиев, Б. Аманшин, Қ. Сыдықов, З. Қабдолов, С. Зиманов, Р. Сыздық, Р. Бердібай, Ғ. Есім, Т. Кәкішұлы, Х. Сүйінішәлиев, Ә. Дербісәлиев, Ә. Нарымбетов, Қ. Әбдезұлы, А. Еспенбетов, М. Неталиев, З. Бисенғали, Б. Хасанұлы, М. Тілеужанов, С. Негимов, Ж. Тілепов, С. Мәшімбаев, Қ. Мәдібай, А. Марданов, Ө. Әбдиманұлы, Б. Әбілқасымов, Б. Майтанов, Т. Тебегенов, С. Мақпыров, М. Құлкенов, Р. Отарбаев, Б. Момынова, С. Өтениязов, Ғ. Шашкина, С. Бүркітов, О. Тұржан, А. Рязанов, В. Шахматов, В.З. Галиев, Н. Савичев, М. Адрисова және тағы басқалар қарастырған зерттеулерінде ақын өмірі мен шығармашылығы әр түрлі тақырып аясында сөз болды.

Ендігі кезекте О. Сүлейменовтің Махамбет тақырыбына арналған шығармаларын зерттеген ғалымдар пікіріне назар аударайық. Олжас Сүлейменов жастайынан Махамбет жырларын сүйіп оқыды. Ақынның жан дүниесін өзімен үндес санап, *«Махамбету»*, *«Последние мысли Махамбета, умирающего на берегу Урала от раны»*, *«Молитва батыра Махамбета перед казнью»* сынды өлеңдеріне арқау етті. Шығыстанушы, ғалым С. Абдулло О. Сүлейменов шығармашылығын зерттей келе, ақынның поэтикалық көзқарастарын өткен ғасыр қойнауынан және қазіргі заманның өткір көріністерінен іздейді. *«Олжастың Махамбеті – толыққанды және құдіретті фигура. Оның образдары ерекше ұмтылыспен тасқынды өсіп отырады, проза патшалығына поэзиямен еніп, метафораларымен әлемді жөндейді»* [4, 13-б.] деген баға береді.

Г.З. Шашкина *«Слово в образной системе поэта на материале поэзии О. Сүлейменова»* еңбегінде ақын өлеңдерінің құрылымдық ерекшелігіне назар аудара отырып, өлеңдегі: *«Махамбет, / какая гордасть, что я стал поэтом. / иначе б я не знал, / что ты – поэт»* деген жолдардағы экспрессемаларға парадигмалық талдау жасайды [3, 155-б.].

О. Сүлейменовтің Махамбет тақырыбына қалам тартуы орыс ақыны А. Вознесенскийдің Махамбет туралы жыр тудыруына себепкер болды. Махамбет Өтемісұлының туғанына 170 жыл толуына арналған Махамбеттің жаңа аудармалар кітабы дайындалып жатқанда, О. Сүлейменов қазақ классигінің өлеңдерін досы А. Вознесенскийге аударуды ұсынады. Аудармалардың орнына А. Вознесенский *«Читая Махамбета»* өлеңдер топтамасын шығарды. Топтамалық өлеңде орыс ақыны батыл, бірақ жаны жаралы көшпелі дала ақынының образын жасады. Екі ұлт ұлдарының достығының нәтижесінде Махамбет образы айқындала түсіп, өзге ұлт оқырмандарына жол тартты. Бұл туралы Н.Ю. Вербовский зерттеуінде Махамбет бейнесін салыстыру әдісі арқылы зерделеп, ортақ тақырыпқа жазылған туындыда поэтикалық диалогтің өрбігенін жазады [6, 33-б.]. Б. Канапьянов Махамбеттің жан дүниесін жастайынан жүрегімен қабылдап, О. Сүлейменовтің А. Вознесенскийге арнаған: *«Это кажется мне – Махамбет, как стрела, в китайской стене, головою – в кирпич, / а штаны с бахрамой – оперенье; / грозный мой Махамбет, ты давно - / персонаж в оперетте, / я тебе не завидовал, / не позавидуй мне...»* өлең жолдары орыс ақынының Махамбет жайлы өлең тудыруына себепкер болды деп есептейді [7, 13-б.].

Көркем шындықтың негізінде өмірлік шындық жатады. Ақын өз қаһарманын тарихта болған батыр-ақын бейнесін өмірлік шындық пен көркем шындықты қатар қою тенденциясы арқылы суреттейді. Батыр бейнесін жасауда жинақтау принципін қолдана отырып, тарихи оқиғаның әлеуметтік мәнін айқындайды. Ақын бейнесін аша түсу үшін оның адамдық,

батырлық мінезіне зер салады. Махамбет образы О. Сүлейменов поэтикасында әдеби және тарихи нарративті сипат алған. Енді осыған кеңінен тоқталайық.

«Нарратив» латынның «narrare», ағылшын, француз тілінің «narrative» – «сюжет», «баяндау», «баяндау тілі» деген сөздерінен шыққан. Нарратология әдебиеттану ғылымына 1960 жылдың аяғынан ерекше бөлім болып ене бастады. Постмодерн дәуірінде қолданысқа енген термин «нарративті тарих» концепциясын құрудан пайда болып, қазіргі таңда әдебиеттануда фактілер мен оқиғаларды баяндаудың бірізділігін қамтиды. Бірақ оны сюжетпен шатастырмау керек. Нарратив – фабула емес, фабулаға негізделетін құрылым. Мысалы, В. Пропп нарративті шағын бөлшектерге: характерлер, персонаждардың қызметі, құралдар, белгілі бір жағдайлар және т.б. (нарратемаларға) бөлуді ұсынды. Нарратологияның нысаны нарратологиялық шығармалардың құрылуы болып табылады. Әдебиеттануда нарративтілік екі түрлі түсінікте қарастырылады. Алғашқысында шығарма әңгімелеудің классикалық теориясына бағынады. Екіншісінде мәтіннің нақты құрылымын мазмұндайды.

«Қазіргі заманғы нарратив теориясы поэзияны үнсіз айналып өтетін көркем әдебиет саласы» дейді В. Макхэйл [8, 234-б]. Әдебиеттанудағы нарративтілік композиция, сюжет, идеямен өлшенеді және ол проза мен поэзияға ортақ сипат. Терең зерттеуді қажет ететіні эпикалық поэма, өлеңмен жазылған роман немесе тарихи өлеңдегі сюжет емес, лирикадағы нарративтік сипат. Бірінші кезекте поэзия прозадан спецификалық композициясымен ерекшеленеді. Композиция кез-келген мәтіннің формальды бөлшектері арқылы нарративтік талдау жасауға мүмкіндік береді. Поэтикалық мәтіннің композициялық сигментациясы жанрмен қатаң түрде белгіленеді және оның барлық деңгейлерінде дыбыстық-интонациядан синтаксиске дейін жүзеге асырылады. Американдық нарратолог Б. Макхейл және Ю. Лотман поэзиядағы мағынаны қалыптастырудың анықтаушысы өлең өлшемі (метризация) болып табылады деген ұстанымды қолдайды. Американдық ғалымдардың зерттеуінше, поэзиядағы нарратив категориясы өлең өлшемдерімен сипатталады. Сондай-ақ нарратив құруда ырғақтың да алар орны ерекше. Буын, бунақ, тармақ, шумақтарға құрылған өлең құрылысы белгілі бір ырғақпен ақынның біртұтас идеясы мен көзқарасын білдіреді. Лирикалық поэзиядағы нарратив сюжетті шығармадан тағы бір айырмашылығы, ол оқырман мен авторды бірден қарым-қатынасқа түсіреді. Автор идеясы мен көзқарасы кейіпкерлері арқылы емес, оқырманға бірден жетіп отырады.

Нарратив теориясын түсіндірудің шектеуі болмауы керек, себебі, Б. Ричардтың оқиғаға байланысты «narrative is everywhere» (нарратив барлығында) деген анықтамасын негізге алсақ, нарративте шекара болмайды [10, 23-б.].

Көркем әдебиеттегі жинақтау типке әкелсе, даралау мінезге әкеледі. Образ осылай туады [9, 100-б.]. З. Қабдолов пікірінше, жазушының талғамы арқылы жинақталған және даралау әрекетінен көркем образ дүниеге келеді. Әдебиеттегі адам, сөздегі сурет, шығармада өмір шындығын жинақтау, адам мінезін даралау, осылардың сарқып құяр сағасы біреу, ол – образ. «Образ» – эстетикалық мәні бар, ойдан шығару арқылы әрі нақты, әрі жинақты жасалған адам өмірінің әсем суреті [9, 107-б.]. Лириканы түсіндіріп жату артық, оны оқырман өзінше қабылдап, өз түсінігінде ұғынады. Оның тартылымдылығы образдылығымен өлшенеді. Жоғарыда біз лирикалық поэзияның нарративтік сипатына тоқталып өттік. Поэтикалық өлшемге құрылған ырғақ арқылы автор идеясы өлеңнің өн бойына өрбіп отырады деген тұжырымға келеміз. Осы тұста өлеңдегі образдың нарративтік сипаты поэзияда қалайша көрініс табады деген сұраққа жауап іздеп көрелік. Нақтырақ айтсақ, Махамбет образының О. Сүлейменов поэзиясындағы сипаты қандай? Әдебиетте адам бейнесін жасаудың амалы алуан түрлі. Ол сөздегі суретпен ғана бітпейді, көркем бейне жасауға қажет өмірлік материалды жинақтаудан әдеби тұлғаны даралауға дейін барады. Туынды авторы детальдар арқылы көркемдеу тәсілін қолданады. Образдың жалпы бітімін, тұлғасын қалыптастырумен қатар, оның ішкі ерекшелігін ашып, мінезін даралайды.

Адамның ішкі жан дүниесін, құпия болмысын ашып көрсету – образ жасаудың басты шарты. Адамның халін суреттеу өте қиын тәсіл. Оны тек дарындылар ғана меңгере алады. Оқырманын баурап алар да автордың осы тәсілді пайдалануы арқылы жүзеге асады. Суреттеу тәсілі арқылы жеткен образды ғана оқырман ұнатып, жек көріп, ақтап немесе қаралап, алуан түрлі эмоциялық ахуалға түсе отырып қабылдай алады.

О. Сүлейменовтің *«Махамбету»* өлеңіне назар аударайық. Шығарманы қазақтың белгілі ақындары Қадыр Мырза Әлі және Әбіш Кекілбай аударып, қазақтілді оқырмандарға жеткізді. Түпнұсқада өлең 2 шумақтан, 26 тармақтан құралған. Қ. Мырза Әлі аудармасы 2 шумақ, 17 тармақты, Ә. Кекілбай аудармасы 2 шумақ, 19 тармақты құрайды. Екі аудармаға да тән ортақ белгі, аударманың жолма-жол аудару әдісі арқылы емес, мазмұнын сақтай отырып аударылғандығы. Қ. Мырза Әлі Махамбет мінезіне ерекше көңіл бөлген. Өлеңнің алғашқы жолы: *«Қас жауыңды / Ел алдында жазықты / Жерге қағып жіберіңіз қазық қып...»* деп басталады. Ерікті ұйқасқа құрылған өлеңдегі батыр образының нарративтік сипаты мінез арқылы көрінеді. Бұл жолдардан жаны қашан да халқымен бірге батыр образын танимыз. Ел алдында жазықты қас жауын ақын қазық қып жерге қағып жіберетін өр мінезді ер болып суреттеледі. Қателікке жаны қас, елін сүймеген жауын аямайтын шешімді әрі батыл бейне көз алдымызға елестейді. Оқырманға *«жерге қағып жіберіңіз қазық қып»* деген детальды баяндау бірден таңданыс эмоциясын сыйлайды. Бұл жолда *«жазықты»* эпитеті сәтті қолданылған. Батырдың *«қазық қып»* қас жауын жер жастандыруына бірден себеп қылып көрсетеді. *«...Қайсар бопсың, бірақ сенің жырыңның / Ар жағында жатады бір нәзіктік...»* Бұл жолдардағы суреттеу Махамбет образының тағы бір қырын байқатады. Батыр денелі, батыл шешімді Махамбеттің «нәзіктігін» жырынан тануға шақырады. Нәзік жыр тудыру үшін нәзік жүрек қажет емес пе? Елін, жерін сүйген нәзік жүрек қана нәзік лирика тудыра алса керек. Қайсарлық әрі нәзіктік. Бір шумақтан ғана батыр образы екі түрлі қырынан нарративтік сипат алып тұр. Қайсарлық ерлікке ұласып Махамбетті *«Батыр Махамбет»* деп сипаттаса, нәзіктік жырлауға ұласып, *«Ақын Махамбет»* образын сипаттап тұр. *«...О, даланың Жолбарысы, / Көкжалы: Өзіңнен бе? / Сөзіңнен бе? / Әйтеуір / Сенен кепті дейді ханның ажалы...»* Осы жолдан Махамбеттің тағы бір бейнесі көрінеді. Ол – шешендік. *«Сөзіңнен бе?»* деген бір ғана сөз, бір ғана тармақ Махамбеттің *«Шешен Махамбет»* образын танытады. Сөйлей білудің барлығы шешендік емес екенін ұғынамыз, әйтсе де ханды ажалына жеткізетін батырдың сөзі болса, ол осал сөз болмақ емес. Ханның ажалы батырдың қолынан емес, сөзінен де болуы мүмкін деген ой салады. Салмақты сөз салмақты ойдан туатынын ескерсек, Махамбеттің бұл өлеңдегі *«Ойшыл Махамбет»* образын тану да қиын емес. *«...Дұшпаныңнан қайтты кегің, / Қайтты есең. / Айтып сапсың ақиқатты, / Айт десе...»* өлеңдегі Махамбет образы тағы бір нарративтік сипатқа ие болып тұр. Ол – шыншылдық, әділдік, ақиқатқа адалдық. *«Ақиқатты айт»* десе, жайып салу ерлікті, жүректің тазалығын қажет етеді. Дұшпаннан халық кегін алуда, елдің есесін жібермеуде айтылған ақиқаттан артық не бар? Бұл тармақтарда *«Шыншыл Махамбет»* образы асқақ суреттеліп тұр. *«Қандай бақыт ақын болып туғаным, Сені ақын деп білер ме едім, әйтпесе!»* Өлеңнің соңғы тармақтары Махамбет образының нарративтік сипатына тамаша түйін жасайды. Ақын ақынға сүйсініп тұр. Өлеңде: *«Батыр Махамбет», «Ақын Махамбет», «Ойшыл Махамбет», «Шыншыл Махамбет»* сынды образдар нарративтік сипат арқылы автордың ішкі жан дүниесімен үндесіп тұр. Автор Олжас Сүлейменов, аударған Қадыр мырза Әлі, өлеңге арқау болған Махамбет Өтемісұлы арасындағы ақындық диалог көрініс тапқан.

«Махамбетке» өлеңінің Әбіш Кекілбай аудармасына назар аударсақ, Махамбет образының батырлық және ақындық жағынан ашылуына басымдық берілген. Өлеңнің нарративтік сипаты батырлық және ақындық образды ашуға бағытталып, *«... Желкеден сұққан өк сүңгі / Бақайдан бір-ақ қайтыпты. / Содан соң айтқан жырыңнан / Алланың өзі*

айқыпты. / Тай қазанға тақ тойып, / Құнан қой мен құнанды / Сыпырып сипап кетіңсің. Алтын тақты қақ бөліп, Алпауыз жан ланды / Алишыдан салып өтіңсің...» деп, суреттеудің күрделі түрі қолданылған. «Желкеден сұққан көк сүңгінің бақайдан бірақ қайтқанын», «Жырынан Алланың өзі айқығанын», «Алтын тақты қақ бөліп», «Құнан қой мен құнанды алишыдан сипап» өтті деген жолдардағы суретті сөздер гиперболаға жақын, батырлар жырының сарынында жырланған. Аударма нұсқасының тағы бір ерекшелігі Махамбет образының портетіне назар аудару байқалады. «...Шүйіріп шүңірек көзіңді, Қарқылдап тұрып күліңсің / Шалғалы жатқан тамақтан...» деген жолдар Махамбеттің келбетін асқақ мінезін және батырлығын айқындайды. Қорыта айтқанда, О. Сүлейменовтің Ә. Кекілбай аударған «Махамбетке» өлеңінен образ «Батыр Махамбет», «Ақын Махамбет» және «Мінезді Махамбет» қыры нарративтік сипат алады. Өлеңнің құрылысына келер болсақ, ақындар ерікті ұйқас түрін пайдаланған. Жазылу стилінен жыраулық сарын байқалады. Автор идеясы мен көзқарасы әр тармақтағы ырғақтар арқылы да сәтті өрілген. Түпнұсқадағы О. Сүлейменовтің «Мой кочевник Махамбет» деп өзіміне атауы да ақындар арасындағы үндестікті «заңды» қылып бекіте түскендей. Өлеңде түйін «...Какая радость, что я стал поэтом, / иначе б я не знал, / что ты – поэт.» деп берілсе, Қ. Мырза Әлі «...Қандай бақыт ақын болып туғаным, / Сені ақын деп білер ме едім, әйтпесе!» деп түйіндей аударарды. Ә. Кекілбай да «... Аллаға мың да рахмет / Түсіңсің деп өзіңді / Ақын қылып жаратқан...» деп өлеңнің түпкілікті ойын сақтай отырып қорытындылайды.

О. Сүлейменов поэзиясындағы Махамбет ақынның образы айқын көрінетін тағы бір туындысы «Молитва батыра Махамбета перед казнью» өлеңі. Бұл өлеңді Әбіш Кекілбайұлы «Махамбет батырдың дар алдындағы дұғасы» деп аударып, 5 шумақты, 28 тармақты түпнұсқаны, 53 тармақпен аударарды. Аударма ырғақтылығымен ерекшелінеді. Ой, идея, бейне сақталынған. Өлеңді оқығанда көз алдымызға жаза алдындағы батырдың қолын жайып, дұға етіп отырған образы елестейді. «...Шайқас десе елірген / Ер едім-ау / О, тоба-ай / Ер үстінде туып ем...» деп, кешегі батыр қалпын сағынады. Бұл жолдардан өлер алдында өз-өзіне есеп берген «Данагөй Махамбет» образын көреміз. Бұғауға түскен батыр мінезді ақыл мен сабырына жеңдіре білудің өзі даналық емес пе? «...Таң ата мені қақ бөліп, / Қоламтаға тығады / Қалың жұрт ыққан айдыным / Бәрі де енді ұмыт-ты...» деп, өз тағдырына батыл әрі әділ болжам жасайды. Бұл жолдар бәрі мені емес, менен ұмытылады дегенді, яғни биологиялық өлімді қабылдауды меңзейді. Бұл жолдардан біз «Көреген Махамбет» образын анық байқаймыз. Өмірдің ащы шыдығын, алда не боларын ақындық санасымен әділ болжай білгенін көреміз. Өлеңдегі ақын образының нарративтік сипаты келесі жолдарда былайша берілген: «... Абжылан емес, / Жүрегім – / Жұлмаға түскен лашын. / Енді қайтіп бүремін?!...» Батыр, ақын жүректің дәрменсіз образы. Тағдырдың жазғанын мойындаған, бәрін есінен шығарып, ұлы ызаға булыққан бейне. «Молитвы спасенье свое» деген жолды ақын «Бар нәтуам – бұл дұғам» деп жеткізеді. «Іші пысқан төбеттер бірін-бірі талайды» деп айналаға астарлы оймен көз жүгіртіп, «Жарты күлше жарық ай / Келе жатыр домалап» деп дұға етеді.

Ақын Алматы Исаәділ О. Сүлейменов өлеңін «Махамбет батырдың өлер алдындағы сөзі» деген тақырыппен аударған. Мәтінде Образдың нарративтік сипаты «Жүрегімді суыттым», «Өзімді өзім ұмыттым», «Жұмыр қылыш секілді едім – құрыдым», «Ет жүрегім тілім-тілім жаралы», «Мен болсам зындандамын обал-ақ» деп, түпнұсқадағы: «Я в далеких походах забуду себя», «Я забуду в зиндане гортанные кличи», «Мое сердце – оципантый кречет» деген жолдарды мейлінше түсінікті әрі ұтымды береді. Батырдың жоғарыда атап өткен дана, көреген образын түпнұсқадағы ақын идеясымен ұштастыра жеткізеді.

Олжас Сүлейменовтің Махамбетке арнаған келесі өлеңі «Последние мысли Махамбета, умирающего на берегу Урала от раны» деп аталады. Өлеңде Махамбет образы мінез

ерекшелігімен қоса тілдік қолданыстарымен де дараланады, көркемдігі төмен, арзан сөздер ақын лексиконына жат. Батырлығы мен ақындығы қатар жарысқан Махамбетті дара тұлғасына сай сөйлету кім-кімге де оңай еместігі анық. О. Сүлейменов Махамбет ақынды сөйлеткенде оның өзіне сай сөйлеу тілін таңдап алған. «...И потому, когда кочевье выманил / все мое племя, - я один пашу, / когда никто не смеет слова вымолвить, / мне рот завяжут – я стихи пишу...» Өлең жолдары Махамбет ақынның өз аузымен айтылып отырғандай сендіреді. Осындай сөйлеу тілі арқылы кейіпкердің мінез-құлық, дүниетанымы, өмірге деген көзқарасы, рухани өресі автор ойымен астасып жатады. Кесек мінезді образға келелі сөз айтқызу қашаннан О. Сүлейменов поэзиясына тән қасиет. Өлеңді қазақ тіліне аударған ақын Қадыр Мырза Әлі: «...Жайық барда ортаймайды, / Көлге сен. / Ақын барда қартайайды, / елге сен. / Сен тіріде – біз де тірі» дегенді / Айтпайды олар, / айтқанда олар, / Өлмес ем!..» деп ақын Махамбет бейнесінен әділдік үшін әрекет еткен нағыз күрескер сипатын бейнелейді.

О. Сүлейменов Махамбет батырға арнап поэзия жанрында ғана емес, драма жанрында да еңбек жазған. Ақынның «Қызыл жусан» атты драмалық киносценарийі негізінде 2008 жылы «Махамбет» тарихи фильмі түсірілген [5, 207-б.]. Режиссері: Сламбек Тәуекел. «Қызыл жусан» драмасындағы Махамбет бейнесінің нарративтік сипаты терең зеттеу жұмысын жүргізуді қажет етеді.

Қорытынды

Махамбет – қазақтың соңғы жырауы, жан-жақты, сан қырлы талант иесі. Бүкіл саналы ғұмырын елінің егемендігі жолына арнаған, «...Қара қазан, сары бала қамы үшін...», «...Толарсақтан саз кешіп...», «...Ереуіл атқа ер салып, егеулі найза қолға алып, беркініп садақ асқан...» бірегей тарихи тұлға. Оның сан қырлы образы О. Сүлейменов поэзиясында ерекше көрініс тапқан.

Қорыта келгенде, дала жырауларынан ұрпаққа генетикалық тұрғыдан берілетін суырып салмалық қасиет ақын Махамбетте де, О. Сүлейменовте де бар. Орыс тілінде жазылған шығарма болғанымен орыс өлеңінің құрылымына ұқсамайтын қазақы сарын О. Сүлейменов шығармашылығында ғана кездеседі. Ақынның Махамбет батырға арнаған поэзиясы дәл батырдың өз образындай күш пен қуатқа толы. Махамбет образын сипаттауда ақынға өлең формасының шеңбері тарлық еткен. Еркін көсіліп, тармақтардағы ырғақтармен бағыт ұстанып, еркін шарықтаған ақын үйреншікті аллегориялардан бойын аулақ ұстаған. «Мен өз елімді және оның халқын олардың беріктігі мен төзімділігі үшін сүйемін» [4, 14-б.] деген ақынның өмірлік кредосы оған өміршең тақырыпты жырлауға жол бастады. Оның Махамбет ақынға жазған «Махамбету», «Молитва батыра Махамбета перед казнью», «Последние мысли Махамбета, умирающего на берегу Урала от раны» атты топтама өлеңдері қазақ поэзиясындағы Махамбет образының жан-жақты танылуына мол әсерін тигізді. Тек қазақ жұртына ғана емес, өзге тілді оқырмандарды да батыр тұлғасымен сүйсінте білді. Өлеңнің өн бойындағы нарративтік сипат Махамбетті «Батыр Махамбет», «Ақын Махамбет», «Шешен Махамбет», «Ойшыл Махамбет», «Шынышыл Махамбет», «Мінезді Махамбет», «Данагөй Махамбет», «Көреген Махамбет» қырынан дәлелдей көрсетті. Өлеңдердегі нарративтік сипат әр өлеңнің тұтас мәтінінде ғана емес, циклді идеяны нарративтеуден құралды. Оған ақынның образды суреттей берудегі батырдың өмір жолындағы оқиғаларды қамтуы, жас Махамбеттен өлім алдындағы данагөй Махамбетке дейінгі алып келген нарративтік сипат дәлел бола алады. Өлеңдердегі Махамбет образынан сол кезеңдегі халық ұлдарының тағдырын тануға болады.

Зерттеу жұмысына негіз болған поэзиядағы Махамбет образының терең және жан-жақты ашылуы үшін өлеңнің ішкі құрылысы мен суретті сөздердің нарративтік бірлестік табуы аса маңызды рөл атқарды деген тұжырымға келеміз. О. Сүлейменов поэзиясындағы

Махамбет образы күрделі толқу, күңірену, сезіну, ақын, ұлы даланың перзенті ретінде өзін-өзі тани білуі және ұлттықпарызды түйсіне білуімен ерекшеленеді. Автордың ақындық кредосы, басты идеясы, өмірлік ұстанымы – ұлттық рухпен астасып, ұлттық сананы оятуға себеп болуымен құнды. Ақын психологиясының күрделі қабаттарын формалық тәсілмен, нәзік өрнектей жеткізген тарихи тұлғаға арналған шығармалары О. Сүлейменовтің өзіндік ақындық тұлғасын да танытты. О. Сүлейменов өлеңдеріндегі Махамбет бейнесі тарихи шындық пен көркем шындықтың арасындағы мағыналы көпір болып қала бермек. «...Ол әдебиетке ерекше дауыспен енді. Оның шығармалары әу бастан-ақ ұлттық әдеби құбылыстарға толы болды. Сонымен қатар сөз қадірін түсінер жұрттың көңілінен шықты және бүгінге дейін сол деңгейін жоғалтқан жоқ...» деп, зерттеуші С. Абдулло жазғандай, О. Сүлейменов өлеңдерін сан қилы образдан құралған нарративті идеялар галереясы деп атасақ қателеспейміз.

Поэзияның шеберлігі – түсіндіріп дәлелдеу емес, айшықты суреттеу арқылы мүсіндеу екенін ескерсек, О. Сүлейменов күллі оқырманның көз алдына Махамбеттің сан қырлы образының мүсінін алып келді. Ел бодандығы мен тәуелсіздігі жолындағы күрескер, көшпенді дала ақынының образы – О. Сүлейменов шығармашылығы арқылы қазақ поэзиясының құнды қазынасы болып қала бермек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Нұрғали Р. Сөз өнерінің эстетикасы: Монография. – Астана: Елорда, 2003. – 424 б.
2. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі / Құраст.: З. Ахметов, Т. Шаңбай. – Семей-Новосибирск: «Талер-Пресс», 2006 – 398 б.
3. Шашкина Г.З. Слово в образной системе поэта (на материале поэзии О. Сулейменова): дисс. ... канд. филол. наук. – Алматы, 1996. – 188 с.
4. Сүлейменов О.О. Шығармалар жинағы 1-том. Өлеңдер. – Алматы: «Олжас кітапханасы» баспа үйі, 2016. – 448 б.
5. Сүлейменов О.О. Таңдамалы туындылары. Поэмалар, сценарий / ауд. Қ. Мырза Әли. – Алматы: Жібек жолы, 2005. – 336 б.
6. Вербовский Н.Ю. Поэтический диалог: О.О. Сулейменов – А.А. Вознесенский (Сравнительный анализ лирики авторов). [Электронный ресурс]. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/poeticheskiy-dialog-o-o-suleyменов-a-a-voznesenский-sravnitelnyy-analiz-liriki-avtorov> (дата обращения 15.08.2023)
7. Канапьянов Б. Быть далеко услышанным. Олжасу Сулейменову – 70. [Электронный ресурс]. URL: <http://lib.ukgu.kz/ru/home/546-b-kanapyanov-byt-daleko-uslyshannym> (дата обращения 15.08.2023)
8. McHale B. Beginning to think about narrative in poetry // Narrative. – 2009. – Т. 17. – №1. – Р. 11–30.
9. Қабдолов З. Екі томдық таңдамалы шығармалар. 2-том. Сөз өнері: Монография. – Алматы: Жазушы, 1983. – 456 б.
10. Хуатбекұлы Е. Н. Назарбаев шығармаларындағы нарратив пен дискурс: Философия докторы (PhD) ... дисс. – Алматы, 2021. – 127 б.

REFERENCES

1. Nurgali R. Soz onerinin estetikasy: monografiya [Aesthetics of Word Art: Monograph]. – Astana: Elorda, 2003. – 424 b. [in Kazakh]
2. Adebiettanu. Terminder sozdigi [Literary Studies. Dictionary of terms] / Qurast.: Z. Ahmetov, T. Shanbai. – Semei-Novosibirsk: «Taler-Press», 2006 – 398 b. [in Kazakh]
3. Shashkina G.Z. Slovo v obraznoi sisteme poeta (na materiale poezii O. Suleimenova): diss. ... kand. filol. nauk. [Words in the image system poem (on the material of poetry O. Suleimenov): diss.]. – Almaty, 1996. – 188 s. [in Russian]

4. Suleimenov O.O. Shygarmalar jinagy 1-tom. Olender [Collection of Works Volume 1. Poems]. – Almaty: «Oljas kitaphanasy» baspa uyi, 2016. – 448 b. [in Kazakh]
5. Suleimenov O.O. Tandamaly tuyndylary. Poemalar, scenari [Selected Works. Poems, script] / aud. Q. Myrza Ali. – Almaty: Jibek joly, 2005. – 336 b. [in Kazakh]
6. Verbovski N.Iu. Poeticheski dialog: O.O. Suleimenov – A.A. Voznesenski (Sravnitelnyi analiz liriki avtorov) [Poetic dialogue: O.O. Suleimenov – A.A. Voznesenskiy (comparative analysis of the author's lyrics)]. [Electronic resource]. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/poeticheskiy-dialog-o-o-suleymenov-a-a-voznensenskiy-sravnitelnyy-analiz-liriki-avtorov> (date of access 15.08.2023) [in Russian]
7. Kanapianov B. Byt daleko uslyshannym. Oljasu Suleimenovu – 70 [To be heard far away. Olzhas Suleimenov – 70]. [Electronic resource]. URL: <http://lib.ukgu.kz/ru/home/546-b-kanapyanov-byt-daleko-uslyshannym> (date of access 15.08.2023) [in Russian]
8. McHale B. Beginning to think about narrative in poetry // Narrative. – 2009. – Т. 17. – №1. – P. 11–30.
9. Qabdolov Z. Eki tomdyq tandamaly shygarmalar. 2-tom. Soz oneri: Monografia [Selected works in two volumes. T. II. The art of the word: monograph]. – Almaty: Jazushy, 1983. – 456 b. [in Kazakh]
10. Huatbekuly E. N. Nazarbaev shygarmalaryndagy narrativ pen diskurs: Filosofia doktory (PhD) ... diss. [Narrative and discourse in the works of N. Nazarbayev: diss.]. – Almaty, 2021. – 127 b. [in Kazakh]